

**Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін, сондай-ақ бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдардың толық және уақтылы аударылуын мемлекеттік бақылау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 840 және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 687 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 3 ақпанда № 12983 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 20 ақпандағы № 251 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2018 жылғы 24 ақпандағы № 74 бірлескен бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Қаржы министрінің 20.02.2018 № 251 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 24.02.2018 № 74 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 625-бабы 4-тармағын және 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабының 3-тармағын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Қоса беріліп отырған Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін, сондай-ақ бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдардың толық және уақтылы аударылуын мемлекеттік бақылау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары бекітілсін.

2. Мыналардың:

1) "Салық заңнамасының, сондай-ақ орындауын бақылау салық қызметі органдарына жүктелген Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасының нормаларын орындау мәселелері жөніндегі жеке кәсіпкерлік саласындағы тәуекелдер деңгейін бағалау өлшемдерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2011 жылғы 16 қыркүйектегі № 468 және Қазақстан

Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 16 қыркүйектегі № 302 бірлескен бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7251 болып тіркелген, 2011 жылғы 27 қазанда № 157 (2147) "Заң газеті" газетінде жарияланған);

2) "Салық заңнамасының, сондай-ақ орындауын бақылау салық қызметі органдарына жүктелген Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасының нормаларын орындау мәселелері жөніндегі жеке кәсіпкерлік саласындағы тәуекелдер деңгейін бағалау өлшемдерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2011 жылғы 16 қыркүйектегі № 468 және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 16 қыркүйектегі № 302 бірлескен бұйрығына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 22 қазандағы № 466 және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің 2012 жылғы 30 қазандағы № 297 бірлескен бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8078 болып тіркелген, 2012 жылғы 20 қарашада № 175 (2357) "Заң газеті" газетінде жарияланған);

3) "Салық заңнамасының, сондай-ақ орындауын бақылау салық қызметі органдарына жүктелген Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасының нормаларын орындау мәселелері жөніндегі жеке кәсіпкерлік саласындағы тәуекелдер деңгейін бағалау өлшемдерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2011 жылғы 16 қыркүйектегі № 468 және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 16 қыркүйектегі № 302 бірлескен бұйрығына өзгерту енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 31 наурыздағы № 144 және Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрінің 2014 жылғы 31 наурыздағы № 96/НҚ бірлескен бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9301 болып тіркелген, 2014 жылғы 10 сәуірде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (Д.Е. Ерғожин) заңнамамен белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының

нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне орналастыру үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдануын;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан	Республикасының	Қазақстан	Республикасының
Қаржы	министрі	Ұлттық	экономика
Б. Сұлтанов		міндетін	министрінің
		М. Құсайынов	атқарушы

\_\_\_\_\_

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Бас прокуратурасының

Құқықтық статистика және арнайы

есепке алу жөніндегі

комитетінің төрағасы

С. Айтпаева \_\_\_\_\_

2015 жылғы 30 желтоқсан

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрінің  
2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 687  
және Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрінің м.а.  
2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 840  
бірлескен бұйрығымен бекітілген

**Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін, сондай-ақ бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдардың толық және уақтылы аударылуын мемлекеттік бақылау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары**

1. Осы салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін, сондай-ақ бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы

жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдардың толық және уақтылы аударылуын мемлекеттік бақылау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі - Өлшемшарттар) салық заңнамасын сақтау мәселелері бойынша ішінара тексеру жүргізу үшін салық төлеушілерді іріктеу мақсатында салық төлеушілерді тәуекел дәрежесіне жатқызу үшін "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің (Салық кодексі) 625-бабы 4-тармағына және 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабы 3-тармағына сәйкес әзірленді.

2. Осы Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) тәуекел - салық төлеушінің (салық агентінің) мемлекетке нұқсан келтіретін және (немесе) нұқсан келтіруі мүмкін, салық міндеттемесін орындамау және (немесе) толық орындамау ықтималдығы;

2) тәуекелдерді бағалау жүйесі - тексерулерді тағайындау мақсатында бақылау және қадағалау органы жүргізетін іс-шаралар кешені;

3) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары - белгілі бір қызмет саласында тәуекел дәрежесіне байланысты және жеке тексерілетін субъектіге (объектіге) тікелей байланысты емес тексерілетін субъектілерді (объектілерді) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

4) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары - нақты тексерілетін субъектінің (объектінің) қызмет нәтижелеріне байланысты тексерілетін субъектілерді (объектілерді) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекелдер дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

5) тексерілетін субъектілер - салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеушілер болып табылатын жеке және заңды тұлғалар және (немесе) заңды тұлғалардың құрылымдық бөлімшелері;

6) дифференциалдық көрсеткіш – салдарының маңыздылығына байланысты дифференциялануы мүмкін, әрбір өлшемшарт үшін айқындалатын 0-ден 100-ге дейінгі мән.

3. Осы Өлшемшарттарда ішінара тексерулер үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары объективті өлшемшарттары қолданбай субъективті өлшемшарттар арқылы қалыптастырылады.

4. Тәуекел дәрежесін бағалау үшін мынадай ақпарат көздері пайдаланады:

1) тексерілетін субъект, оның ішінде автоматтандырылған жүйелер арқылы ұсынатын есептілік пен мәліметтердің мониторинг нәтижелері;

2) алдыңғы тексерулердің нәтижелері;

3) бақылаудың өзге де нысандарының нәтижелері;

4) уәкілетті органдар мен ұйымдар табыс ететін мәліметтерді талдау нәтижелері.

5. Тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары:

1) тиісті кезеңге орташа салалық мәннен төмен түзетуге дейін жылдық жиынтық табысына, кедендік төлемдерді қоспағанда, төленген салықтар мен бюджетке басқа да міндетті төлемдер сомасының арақатынас коэффициенті. Бұл ретте көрсетілген коэффициент талап қою мерзімінің өтуі шегінде өткен күнтізбелік жылға есептеледі.

Орташа салалық мән салық төлеушілер тобының санына техникалық реттеу және метрология саласындағы уәкілетті орган бекіткен, экономикалық қызмет түрлерінің ортақ жіктеуішінің әрбір тобының коэффициенттері сомасының қатынасы ретінде есептеледі;

2) жалған кәсіпорындармен, әрекет етпейтін салық төлеушілермен және олардың тіркелуін, сондай-ақ сот оларды жасау іс жүзінде жұмыстарды орындаусыз, қызметтерді көрсетусіз, тауарларды тиеспей жөнелтусіз жүзеге асырылған деп таныған мәмілелерді сот жарамсыз деп таныған салық төлеушілермен операцияларды жүзеге асыру;

3) 0,98 артық түзетуге дейінгі жылдық жиынтық табыс сомасына шегерімдер сомасының арақатынас коэффициенті.

Аталған өлшемшарттарды есептеу түзетуге дейінгі жылдық жиынтық табысы 30 000 еселенген айлық есептік көрсеткішке тең сомадан асатын салық төлеушілер бойынша жүзеге асырылады;

4) салық міндеттемесінің орындалу мәселелері бойынша салықтардың жекелеген түрлері бойынша кешенді және (немесе) тақырыптық тексерулерде қамтылмаған, төрт жыл және одан ұзақ уақыттағы кезең.

Аталған өлшемшарттарды есептеу, Салық кодексінің 308-1-бабына сәйкес салық салу жүзеге асырылатын салық төлеушілер бойынша жүзеге асырылады.

6. Талдау мен бағалау кезінде нақты тексерілетін субъектіге (объектіге) қатысты бұрын ескерілген және пайдаланылған субъективті өлшемшарттардың деректері қолданылмайды.

7. Өлшемшарттарды есептеу жарты жылдықтың соңғы айында жылына екі рет жүзеге асырылады.

8. Ықтимал тәуекел мен проблеманың маңыздылығына, бұзушылықтардың бірлі-жарымды және жүйелілігіне, ақпараттың әрбір дереккөзі бойынша бұрын қабылданған шешімдерді талдауларға байланысты, дифференциалдық көрсеткіш және өлшемшарттардың маңыздылығына байланысты коэффициент берілетін субъективті өлшемшарттар айқындалады.

Әрбір өлшемшарттардың коэффициентін есептеу үшін 1-ден 5-ке дейін басымдық беріледі.

Есептеу коэффициенті:

$$K = PK1 / (PK1 + \dots + PKn)$$

мұнда,

K - коэффициент;

K1, ..., Kn – өлшемшарт 1, ..., өлшемшарт n;

П – басым өлшемшарт;

PK1, ..., PKn – 1-басымдық өлшемшарты, ..., n-басымдық өлшемшарты;

n – өлшемшарттар саны.

Тексерілетін объектінің тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші (

$\Sigma$

R) 0-ден 100-ге дейінгі шкала бойынша есептеледі және көрсеткіштерді қосу жолымен айқындалады, мынадай формула бойынша:

$\Sigma$

$$P = BK * Ka + \dots BK * Kn$$

мұнда:

$\Sigma$

R - тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

BK – 10-нан -100-ге дейінгі өлшемшарт бойынша дифференциалдық көрсеткіш;

Ka - № a іске қосылған өлшемшарт коэффициенті;

Kn - № n іске қосылған өлшемшарт коэффициенті;

n - іске қосылған өлшемшарттардың саны.

9. Қадағалау және бақылау органдары бекіткен құпия (қызметтік) ақпараттарға жататын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары және осы Өлшемшарттардың 5-тармағында көрсетілген, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары бойынша тексерілетін субъектінің тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші есептеледі.

10. Тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша тексерілетін субъектілер (объектілер) жатқызылады:

1) жоғары тәуекел дәрежесіне - тәуекел дәрежесі 25-тен 100-ге дейінгіні қоса алғандағы көрсеткіш кезінде және оған қатысты ішінара тексеру жүргізіледі;

2) жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылмаған - тәуекел дәрежесі 0-ден 25-ке дейінгі көрсеткіш кезінде және оған қатысты ішінара тексеру жүргізілмейді.

Ішінара тексерулер тәуекел дәрежесінің көрсеткіші неғұрлым жоғары тексерілетін субъектілердің (объектілердің) басымдығына және тексерулерді жүзеге асыратын мемлекеттік кірістер органдарының құрылымдық

бөлімшелерінің лауазымдық тұлғаларының штат санына негізделіп әрбір тәуекел бойынша жоғары дәрежеге жатқызылған салық төлеушілерге қатысты тексерулер тағайындалады.

11. Ішінара тексеруге жататын салық төлеушілердің тізімі, жартыжылдыққа қалыптастырылады.

12. Ішінара тексеру жүргізудің еселігі тәуекелдер дәрежесін бағалау өлшемшарттары бойынша алынған мәліметтерді талдау және бағалау нәтижелері бойынша айқындалады және жылына бір реттен жиі болуы мүмкін емес.